ЖМ білім алушыларының үлгерімі

ЖМ бойынша қысқы емтихан сессиясының нәтижесі төмендегідей болды:

| Всего студентов на начало сессии | Общее количество студентов | | Всего допущено к экзаменам | | Абсолютная успеваемость ("3", "4", "5"), % | | | Получили "F" (не допущены к экзаменам), % | | | | Относительная успеваемость ("3", "4", "5", F, FX, н/я) |
|----------------------------------|----------------------------|-----|----------------------------|-----|--|-------|-------|---|-----|-------|-----|--|
| | грант | ком | грант | ком | грант | ком | ОБЩАЯ | грант | ком | общее | % | |
| 1376 | 986 | 390 | 974 | 277 | 100,0 | 100,0 | 100,0 | 12 | 113 | 125 | 9,1 | 90,9 |

ЖМ бойынша оқыту нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіші 2021-2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясы бойынша мына төмендегідей нәтиже берді:

| Всего студентов на начало сессии | Студенты, допущенные к сессии | | Кол-во студентов, допущенных по всем предметам | Кол-во студентов не допущенных к экзаменам | из них | | Студенты, имеющую академическую задолженность | Относительная успеваемость (не допущ. и не успевающ.), % |
|----------------------------------|-------------------------------|-----------------|--|--|-----------------------------|-------------------|---|--|
| | кол-во | успеваемость, % | | | по 1 и нескольким предметам | по всем предметам | | |
| 1376 | 1251 | 90,9 | 1251 | 125 | 125 | 0 | 125 | 90,9 |

Оның ішінде тесттік емтихандар нәтижесі:

| Успеваемость сессии, % | | | Оценка «2», % | | | Неявка, % | | | Нет допуска, % | | | Успеваемость обучения, % | | |
|------------------------|-------|------|---------------|-------|-----|-----------|-------|------|----------------|-------|------|--------------------------|-------|------|
| Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком |
| 99,8 | 100,0 | 99,4 | 0,2 | 0,0 | 0,6 | 5,7 | 0,8 | 19,4 | 16,7 | 2,4 | 36,4 | 80,7 | 96,8 | 50,9 |

Ауызша емтихандар нәтижесі:

| Успеваемость сессии, % | | | Оценка «2», % | | | Неявка, % | | | Нет допуска, % | | | Успеваемость обучения, % | | |
|------------------------|-------|-------|---------------|-------|-----|-----------|-------|------|----------------|-------|------|--------------------------|-------|------|
| Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком |
| 100,0 | 100,0 | 100,0 | 0,9 | 0,0 | 0,0 | 4,2 | 4,4 | 15,6 | 13,0 | 2,8 | 47,9 | 91,4 | 96,5 | 57,1 |

Жазбаша емтихандар нәтижесі:

| Успеваемость сессии, % | | | Оценка «2», % | | | Неявка, % | | | Нет допуска, % | | | Успеваемость обучения, % | | |
|------------------------|-------|------|---------------|-------|-----|-----------|-------|------|----------------|-------|------|--------------------------|-------|------|
| Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком | Всего | Грант | Ком |
| 99,3 | 98,3 | 67,1 | 0,7 | 0,2 | 1,6 | 12,4 | 0,7 | 32,9 | 11,7 | 1,7 | 29,3 | 77,7 | 97,5 | 50,7 |

Емтихан сессиясын ойдағыдай өткізу үшін деканат және кафедралар тарапынан келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- барлық мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары жасалынды;
- емтихандар кестесі дайындалды, бекітілді және хабарландыру тақтасына ілінді;
- студенттер емтихан сессиясын өткізу ережелерімен таныстырылды;
- емтихан сессиясының өткізілу мерзімінен 1,5 ай бұрын тестілеу орталығына тестік, жазбаша емтихандардың сұрақтары тапсырылды;
- тест сұрақтары мен жазбаша, кейстік, шығармашылық емтихан сұрақтары студенттерге берілді;
- оқу жылының басында кафедралардың профессор-оқытушыларының күшімен оқу-әдістемелік кешендер дайындалып, порталға қойылды.

Студенттерді бұлай оқу-әдістемелік және оқу құжаттармен қамтамасыз ету, студенттердің уақытылы өздеріне керек мағлұмат алуына мүмкіндік береді.

Емтихан сессиясын ойдағыдай өткізу үшін деканат және Студенттерге қызмет көрсету орталығы тарапынан келесі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жазбаша және тестік емтихандарда және сессия уақытысында тәртіп сақтау үшін факультет және факультет қызметкерлерінің көмегімен кезекшілік ұйымдастырылды. Сонымен қатар емтихан қабылдау барысында келеңсіздіктерді болдырмау үшін профессор-оқытушы құрамының көмегімен емтихандарға бақылау комиссиясының құрамы бекітілді.

Қосымша түсініктеме:

Оқу жоспарына және оқу кестесіне сәйкес жазғы емтихан сессиясы 14.05.2022 – 15.06.2022ж. күні аралығында өтті.

Жалпы сессияны қорыта келе мынандай қорытындылар жасауға болады:

- қысқы және жазғы сессия емтихан кестесіне сәйкес жүргізілді;
- емтихандарды қабылдау барысы бойынша бақылау комиссиясы мүшелерінің дер кезінде орында болуы қадағаланды;
- жазбаша, ауызша, кейс емтихандарды қабылдау тәртібіне қадағалау жүргізілді.

5. ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Жоғары мектеп кафедралары штаттық кестеге және педагогикалық жүктемеге сәйкес профессорлық-оқытушылық құраммен жасақталған.

Жоғары мектепте ғылыми-педагогикалық қызметпен 114 профессор-оқытушылар айналысады, олардың ішінде: 9 ғылым докторлары, профессорлар, 45 ғылым кандидаттары, доценттер, 6 PhD-докторлар. Ғылыми әлеуеті 52,6% құрайды. Ғылыми дәрежесі және атақтары бар оқытушылардың орташа жасы 48,3 жас.

Жоғары мектептің 23 профессор-оқытушылары ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындайтын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушылары» конкурсының жеңімпаздары.

Жоғары мектептің профессорлар-оқытушылар құрамы

| | <i>Кафедра аты</i> | <i>Барлығы</i> | <i>Штаттағылар саны</i> | <i>Қосымша істейтіндер (совместитель) саны</i> | <i>Өндірістен келген оқытушылар</i> | <i>Ғылым докторы, профессор</i> | <i>Ғылым кандидаты, Доцент</i> | <i>PhD докторы</i> | <i>Ғылыми әлеуеті (штаттағылар есебінен)</i> |
|---|--------------------|----------------|-------------------------|--|-------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|--------------------|--|
| 1 | Математика | 29 | 17 | 9 | 3 | 2 | 7 (4) | 1 | 58,8% |
| 2 | Физика | 25 | 21 | 3 | 1 | - | 9 | 1 | 47,6% |
| 3 | Информатика | 22 | 17 | 4 | 1 | 1 (1) | 5 | 3 | 52,9% |
| 4 | Химия | 19 | 16 | 2 | 1 | 2 | 8 (2) | - | 62,5% |

| | | | | | | | | | |
|---|-------------------------|------------|------------|-----------|----------|--------------|---------------|----------|--------------|
| 5 | Биология және география | 40 | 34 | 5 | 1 | 2 | 14 | 1 | 50% |
| 6 | Кәсіптік оқыту | 10 | 9 | 1 | - | 2 | 2 (1) | - | 44,5% |
| | Барлығы: | 145 | 114 | 24 | 7 | 9 (1) | 45 (7) | 6 | 52,6% |

Барлық ПОҚ жоспарға сәйкес біліктілігін арттырудан өткендігі туралы сертификаттары, куәліктері бар. Курстардан өту нәтижелері бойынша оқытушылар әдістемелік семинарларда есеп береді, нәтижелері оқу процесіне енгізіледі. Барлық ПОҚ-тың біліктілігін арттырудан өткендігі туралы сертификаттары мен куәліктері бар. Курстардан өту нәтижелері бойынша оқытушылар әдістемелік семинарларда есеп береді, нәтижелері оқу процесіне енгізіледі.

Жыл сайын университеттің әрбір оқытушысы оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспарын (ОЖЖЖ) толтырады. ОЖЖЖ бірыңғай формада болады және бір академиялық жылға құрылады, ОЖЖЖ кафедра отырысында қаралады, факультет/жоғары мектеп деканымен келісіледі және Оқу және ОӘ жұмыстар жөніндегі проректордың бекітуі алдында жоспарланған жұмыстардың атқарып отырған лауазымына және кафедраның факультеттің ,университеттің перспективалық даму жоспарына сәйкестігіне АМЖД, УҒЖ, ТЖЖД-да сараптамадан өтеді. ОЖЖЖ мынадай мәліметтерді қамтиды: оқытушының Т.А.Ә. Кафедраның және факультеттің атауы, атқаратын қызметі және оқу жүктемесінің көлемі; бөлімдер - оқу жұмысының орындалуы туралы ведомость және семестр бойынша оқу жүктемесі, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыс, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, Тәрбие жұмысы, біліктілікті арттыру және басқа да жұмыстар бар. ОЖЖЖ-ның барлық бөлімдері бойынша уақытында орындалуын кафедра меңгерушісі бақылайды.

ПОҚ мамандықтың білім беру бағдарламаларын жетілдіруге үнемі үлес қосады. Оқытушылардың білім беру бағдарламасын жетілдіруге қатысуы еңбек нарығының талаптарын және ғылымның алдыңғы қатарлы жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын өзектендіру арқылы жүзеге асырылады; элективті пәндерді оқуға арналған кредиттер көлемін жоспарлау; курс саясатын анықтау; бақылау тапсырмаларын тапсыру кестесін жоспарлау; білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру; Сапа мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, пәндерді оқыту нысандары мен әдістерін түзету; дипломдық жұмыстардың тақырыптарын және өзектілігін қайта қарау; практика базаларын тарту; кафедраның, жоғары мектептің, университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің, сондай-ақ әдістемелік және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамындағы жұмыс.

Жетекші ғалымдар ғылым кандидаттары, доценттер-кафедраға бекітілген мамандық бойынша оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысады.

6.ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Университетте студенттерге оқу процесін ұйымдастыруға және әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді: деканат; ЖМ академиялық кеңестері; кафедралар; академиялық мәселелер жөніндегі департамент; тіркеуші кеңесі; академиялық ұтқырлық және Болон процесі орталығы; ғылыми кітапхана; «Мансап» орталығы; тәрбие жұмысы департаменті және т. б.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығымен айналысу М. Әуезов атындағы ОҚУдың академиялық ұтқырлық және рейтинг агенттіктерімен жұмыс орталығына (ЦАКМиРРА) жүктелген.

Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және жүзеге асыру кредиттік оқыту технологиясы және оқу процесін ұйымдастыру Ережесі бойынша іске асады. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары білім алушыларының академиялық ұтқырлық тұжырымдамасы).

СМЖ ОҚУ 7.11 – 2015. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011-жылғы 19 қаңтардағы кеңейтілген алқа мәжілісінде қаралды және мақұлданды.

БББ-ны табысты іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар бар. Қазіргі заманғы техникамен (оның ішінде интерактивті тақталармен) жабдықталған аудиториялар, практикалық сабақтарға арналған аудиториялар, мамандандырылған кабинеттер, компьютерлік сыныптар, кітапхана, спорт кешені, әкімшілік және қызметтік үй-жайлар, оқу зертханалары бар:

Жоғары мектеп университеттің №7 оқу ғимаратында орналасқан. Оның жалпы ауданы 2082,7 м². Оқу аудиторияларының жалпы саны – 37, оның 13-і зертханалық аудиториялар, 6-ы компьютерлік сыныптар, 6-ы шеберханалар, 1-і студенттердің шығармашылық жұмыстарының көрмесі, 7-і әдістемелік кабинеттер және 1 жылыжай, 1 биологиялық тәжірибелік алаң.

Компьютерлік сыныпта информатика, бағдарламалау пәндерінен 5B010900-Математика, 5B060100-Математика (ғылыми), 5B011100-Информатика, 5B060200-Информатика (ғылыми), 5B011000-Физика, 5B060400-Физика (ғылыми), 5B011300-Биология, 5B060700-Биология (ғылыми), 5B011200-Химия, 5B012000-Кәсіпке баулу мамандықтарының студенттеріне лабораториялық сабақтар жүргізіледі.

Кафедра аудиторияларында паспорт, қауіпсіздік техникасының және өрттен сақтау инструкциялары ілінген. Лабораторияларға жауаптылар ретінде кафедра оқытушылары және оқу-көмекші қызметкерлері тағайындалған. Аудиторияларда уақтылы ремонт жасалынып тұрады, электр жүйелері және компьютерлер тексеріліп отырады.

Кафедраның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге арналған жоспары жасалынған.

«Физика» кафедрасы жалпы ауданы 328,3 м² 8 (215, 219, 224, 226, 228, 230, 232, 234) кабинет қамтылған. 4 зертхана кабинеті, 1 компьютерлік сынып, 1 лекция кабинеті, 1 оқытушылар бөлмесі

1. 219 (74,4 м²) аудиторияда дәріс және практикалық сабақтар жүргізіледі

2. 215 физикалық жабдықтар қоймасы

3. 224 кабинет (35,7 м²) компьютерлік класс, мұнда 13 компьютер бар.

4. 228 кабинет (28,4 м²) Механика және молекулалық физика зертханасы.

5. 226 (26,1 м²) кабинет Электромагнетизм лабораториясы.

6. 232 кабинет (34,7 м²) Мектеп физика эксперимент техникасы және астрономия лабораториясы.

7. 234 кабинет (42,2 м²) Оптика, атомдық және ядролық физика лабораториясы (мұнда интерактивті тақта орнатылған).

8. 230 (51,8 м²) бөлме оқытушылар бөлмесі және мұнда кафедра меңгерушісінің кабинеті орналасқан. Барлық аудиторияларда әр түрлі мамандықтарға сабақтың әр түрі жүргізіледі. Тек қана атомдық физика бөлімі қазіргі заманғы жаңа қондырғымен жабдықталған.

Кафедрада бір компьютерлік сынып жұмыс істейді. Бүгінгі күнде кафедрада 21 компьютер жұмыс істеп тұр. Компьютерлер негізінен 5B011000, 5B060400 -«Физика» мамандықтары студенттерінің сабақ өтуі кезінде және сабақтан бос уақытта жұмыс істеуі үшін пайдаланылады.

Барлық оқу зертханалары санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жабдықталған. Кафедра оқытушылары техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды жетілдіру бағытында студенттермен іс-шаралар жүргізді. Әрбір зертханада өрт қауіпсіздігі ережелері ілулі, олар өрт сөндіргіштермен жабдықталған.

Кафедра оқытушылары және лаборанттары оқу жылының басында техника және өрт қауіпсіздігі ережелерімен танысты.

«Информатика» кафедрасында келесі мамандықтар 5B011100, 6M011100, 5B060200, 6M060200, 6D011100-Информатика бойынша жоғары білімді мамандар даярланады.

Кафедра заманға сай үлкен, жарық аудиториялармен және керекті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Компьютерлік кластардың барлығында Intel (R), Core i3, Core i7, AMD модельді процессорлар орнатылған. 304, 312 компьютерлік аудиторияда PROMETHEANPRM-AB295-06 маркалы интерактивті тақталар қойылған.

Компьютерлер қажетті бағдарламалық жабдықтармен қамтамасыз етілген, локальды оқу желісіне және Интернет желісіне қосылған. Университеттің №7 ғимаратының 3-қабатында орналасқан «Информатика» кафедрасына келесі аудиториялар бекітілген:

Кесте1.1

| № | Кабинет атауы | Кабинет № | Ғимарат | Ауданы, м ² |
|------------------------|--------------------------------|-----------|---------|------------------------|
| 1 | Кафедра меңгерушісінің бөлмесі | 316 | №7 | 15 |
| 2 | Оқытушылар бөлмесі | 318 | №7 | 18 |
| 3 | Оқытушылар бөлмесі | 311 | №7 | 12 |
| 4 | Оқытушылар бөлмесі | 313 | №7 | 12 |
| 5 | Оқытушылар бөлмесі | 315 | №7 | 12 |
| 6 | Оқытушылар бөлмесі | 317 | №7 | 12 |
| 7 | Оқытушылар бөлмесі | 319 | №7 | 12 |
| 8 | Компьютерлік класс | 304 | №7 | 54 |
| 9 | Компьютерлік класс | 307 | №7 | 54 |
| 10 | Компьютерлік класс | 312 | №7 | 84 |
| 11 | Лекциялық класс | 306 | №7 | 42 |
| Жалпыауданы, м2 | | | | 388.5 |

Негізгі компьютерлік кластардың оқу-өндірістік базасы туралы мәліметтер 1.2-кестеде берілген:

КЕСТЕ 1.2

| № | Кафедра | Класс № | ЭЕМ | ЭЕМ саны | Ауданы, м2 |
|-----------------------|-------------|---------|--|------------------------|------------|
| 1. | Информатика | 312 | Core i7 Core i3 AMD Core 2 Duo Интерактивті тақта EPSON-проектор | 1 1 12 2 1 | 84 |
| 2. | Информатика | 307 | Corei3 | 10 | 54 |
| 3. | Информатика | 304 | Corei3 Core 2 Duo Интерактивті тақта LCD-проектор H284B | 9 2 1 | 54 |
| 4. | Информатика | 311 | Core i3 | 1 | 12 |
| 5. | Информатика | 313 | Core i3 Многофункц. устр-во CanonMF 4400 Принтер HP LaserJet 1200 Series | 2 1 1 | 12 |
| 6. | Информатика | 315 | Core 2 Duo Core i3 | 1 1 | 12 |
| 7. | Информатика | 317 | Core i7, Core i3 Принтер Canon LBP 6020 | 1 1 1 | 12 |
| 8. | Информатика | 319 | Core 2 Duo Ноутбук Intel Core i5 Core 2 Duo | 2 1 4 | 18 |
| 9. | Информатика | 318 | Corei7, Core 2 Duo Многофункц. устр-во CanonMF 3010 | 2 1 1 | 15 |
| Жалпы кафедра бойынша | | | | 59 | 285 |

Оқу ғимараты санитарлы-эпидемиологиялық, техникалық және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерінің талаптарына сәйкес.

Кафедраның материалды-техникалық базасы, сонымен қатар оның есептеу техникалары және интерактивті тақтамен қамтамасыз етілуі, оқу процесінің жоғары тиімділігін арттырады.

«Химия» кафедрасы жалпы ауданы 397 м², 10 оқу бөлмесі бар. Олардың ішінде: 5 оқу зертханасы, 1 препараторлық бөлме (кесте 1.1).

Кафедраға бекітілген зертханалар, бөлмелер және олардың көлемі

Кесте 1.1

| № | № ауд. | ЗЕРТ., БӨЛМЕ АТАУЫ | Көлемі (м ²) |
|----|--------|-------------------------|--------------------------|
| 1. | 240 | оқу зертханасы | 61м ² |
| 2. | 229 | оқу зертханасы | 43м ² |
| 3. | 242 | оқу зертханасы | 36м ² |
| 4. | 227 | Оқу зертханасы | 33м ² |
| 5. | 238 | Оқу зертханасы | 65м ² |
| 6 | 225 | Каф.меңгерушісі бөлмесі | 18 м ² |
| 7 | 242/ | препараторлық бөлме | 16м ² |
| 8 | 122 | дәрісхана | 74 м ² |
| 9 | 221 | оқытушылар бөлмесі | 35 м ² |
| 10 | 331 | оқытушылар бөлмесі | 16 м ² |

$S_{\text{жалпы}} = 397\text{м}^2$

Кафедрада құрал-жабдықтар, химиялық реактивтер, химиялық ыдыстар және т.б. қамтамасыз етілген.

Кафедрадағы оқу бөлмелерінде паспорт, қауіпсіздік техникасының және өрттен сақтау ережелері, әрбір пәнге арнап орындалатын зертханалық жұмыстардың тізімі, приборлармен жұмыс ережелері бар.

Кафедрадағы зертханалар әрбір мұғалімге және зертханашыға бекітілген, олар оқу бөлмелеріндегі жөндеу жұмыстарының уақытылы жасалуына және электр тогы мен ауа сорғыш шкафтың жұмыс істеуін қадағалайды.

Кафедраның материалдық-техникалық базасы білім беретін мемлекеттік стандартының талабына сай.

«Биология және география» кафедрасына №7 ғимараттың 200, 201, 202, 203, 205, 301, 303 аудиториялары бекітіліп берілген (4 зертханалық кабинет, 2 оқу, 1 дәрісхана аудиториялары, 1 препараторлық және 1 оқытушылар бөлмесі). Жалпы көлемі – 289,5 шаршы метр. Сонымен қатар 1-өсімдіктерді зерттеу зертханасы (жылыжай 28x10 шаршы метр) және 1-тәжірибе алаңы бекітілген.

Кафедраның педагогикалық, оқу-ғылыми педагогикалық бірлестіктері және оқу өндірістік база ұйымдастырылған, онда Шымкент қаласының №33,62,50,77,80,36,26,62,50,72,2,33,47 жалпы орта мектептерімен, химия-биологияны тереңдетіп оқытатын №15,77 лицей-мектептері мен Сайрам-Өгем Ұлттық табиғи мемлекеттік паркі, Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі, Шымкент қаласының дендросаябағы мен зообағы, Оңтүстік Батыс өсімдіктерді және жануарларды ғылыми зерттеу институты, Экологиялық білім беру орталығымен келісім-шарт жасалынып іс-тәжірибелік базасы ретінде пайдаланылады.

Кафедраға қарасты мамандықтардың оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі қанағаттанарлық деңгейде. Дегенменде, зертханаларды заманауи оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету қажет. Кафедра тарапынан құрал-жабдықтармен қамтылу үшін сұраныстар берілуде. Кафедраға қарасты 204 және 205-аудитория оқу үдерісінде қолданылып отырған интерактивті тақтамен жабдықталған. Сонымен қатар, 201 зертханасы «Ботаника және өсімдіктер физиологиясы» 4 компьютермен жабдықталған және т.б. оқу құралдары. 204 аудитория «Биологияны оқытудың әдістемесі», 301 аудитория «Адам анатомиясы» және 303 аудитория «Зоология» пәндеріне арналып зертханалық құрал-жабдықтармен, 7 компьютермен жабдықталған.

«Кәсіптік оқыту» кафедрасы қазіргі таңда үш сатылы деңгейде «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша жоғары деңгейдегі білікті педагог мамандарын дайындайды. Олар:

- 6B01450-Кәсіптік оқыту (5B012000 - «Кәсіптік оқыту»), 6B01450-Көркем еңбек және сызу-бакалавриат

- 6M012000 - «Кәсіптік оқыту» - магистратура

- 6D012000 - «Кәсіптік оқыту» - докторантура PhD.

Кафедрада педагог мамандарды дайындау жеткілікті деңгейде жабдықталған материалдық-техникалық, ақпараттық, оқу-әдістемелік базасында жүзеге асырылды. Кафедраның 12 арнайы шеберханалар, зертханалары және талапқа сай жабдықталған оқу бөлмелері жұмыс істейді. Сонымен қатар кейбір арнайы пәндер кафедраның базасына кірмейтін оқу-ғылыми өндірістік кешені (УНПК) Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі және Инновациялық технологиялық колледжі базасында өткізіледі. Студенттердің технологиялық, өндірістік, педагогикалық іс-тәжірибелері де осы жоғарыда аталған колледждердің және материалдық-техникалық базасымен кадр мәселесі жоғары деңгейде қалыптасқан жалпы білім беретін мектептердің базаларында өткізіледі.

Кафедра базасында барлығы 12-оқу зертханалары, шеберханалары мен арнайы әдістемелік оқу бөлмелері жұмыс жасайды. Материалдық базада 12 компьютер, 2 интерактивті тақта және 5 принтер жұмыс істеді. Компьютерлердің екеуі кафедра құжаттары мен іс-қағаздары жүйелі түрде жүргізуге пайдаланылады да, 10-ы оқу үрдісінде пайдаланылады.

Материалдық-техникалық база оқу зертханалары мен шеберханалар бойынша мәліметтер мына кестелерде берілген.

| № | Дәрісхана, зертхана, шеберхана атауы | Кабинет номері | Құрал-жабдықтардың аталуы, таңбалануы, саны |
|---|---|----------------|---|
| 1 | Металды технологиялық өңдеу оқу шеберханасы | 100 | Токарный станок по металлу ТВ-4 – 8шт., ТВ6-1шт. |
| | | | Горизонтально-фрезерный станок НГФ-110 – 1шт |
| | | | Твердомер ТШ-2 – 3шт |
| | | | Настольный сверлильный станок 2Н118 – 1шт |
| | | | Заточной станок - 1шт |
| | | | Слесарный верстак – 1шт |
| 2 | Ағаш өңдеу оқу шеберханасы | 102 | Делительная головка – 1шт. |
| | | | Токарный станок по дереву STD-120 – 6шт, КЕДР-1шт. |
| | | | Сверлильный станок 2Н112 – 1шт |
| | | | Круглопильный станок СКД-1 – 1шт |
| | | | Настольнофуговальный станок СФО-1- 1шт |
| | | | Электроточило ЭТ-75 – 2шт |
| | | | Электродрель – 1шт |
| | | | Электрошуроповерт-1шт. |
| | | | Столярные верстаки – 8шт |
| | | | Комбинированный верстак-1шт., |
| | | | Станок по дереву универсальный (Дипломный) -1шт |
| 3 | Оқу тігін шеберханасы | 103 | Электрлобзик – 1шт |
| | | | Компьютер – 1шт |
| | | | Швейные машинки JACK -12 шт |
| | | | Швейные машинкиExpression PFAFF-1шт. |
| | | | Швейные машинкиBrother -6шт. |
| | | | Оверлог Singer– 1шт, Оверлог GNI -6D-1шт, ОверлогBjutigiev-so75D-1шт. |
| 4 | Металды қол аспаптармен өңдеу оқу шеберханасы | 104 | Утюг парогенератор – 1шт |
| | | | Слесарные верстаки – 13шт |
| | | | Горизонтально-фрезерный станок НГФ-110 – 1шт |
| | | | Сверлильный станок 2Н112 – 2шт |
| | | | Электроточило ЭТ-66 – 1шт |

| | | | |
|----|---|-----------|--|
| | | | Пресс механический-1шт. Рычажный ножницы - 1шт. Муфельная печ -1шт. |
| 5 | Автоісіне және ауылшаруашылық технологиясына оқыту дәрісханасы | 106 | Модели сельхозтехники – 128 шт Стенды – 6шт Почвообрабатывающие машины - 20шт Машины для внесения удобрений - 20шт Машины для посева сельскохозяйственных культур - 20шт Машины для уборки сельскохозяйственных культур - 20шт Видеопроектор -1шт, Интерактивная доска – 1шт |
| 6 | Электротехника және радиоэлектроника оқыту зертханасы | 107 | Электроточило ЭТ-75 – 1шт Электронный стенд 17Л 03-3шт. Электронный стенд ЭС 6-5шт. Настольный сверлильный станок – 1шт Генератор, трансформатор – 2шт Слесарный верстак – 1шт Осцилограф – 9шт Лабораторные стенды – 5шт Компьютер – 1шт Видеопроектор – 1шт |
| 7 | Теория және әдістеме дәрісханасы. Материалды көркем өңдеу және кілем тоқу шеберханасы | 206 | Стенды – 8шт Ковроткаческий станок – 3шт |
| 8 | Оқытушылар және кафедра меңгерушісі бөлмесі | 207 | Компьютер – 3шт, Лазерный принтер – 2шт |
| 9 | Әдістемелік орталық | 208 | Компьютер – 8шт, Лазерный принтер – 1шт, Интерактивная доска – 1шт Стенды – 5шт. |
| 10 | Тігін оқу шеберханасы | 236 | Швейная машина Bernina Artista 180 – 1шт Швейная машина Janome-3шт. Швейные машинки JASK -3 шт Швейные машинки Тупикал – 5шт Оверлог Bernina-1шт., Оверлог Zinger-1шт., Оверлог CN1-6D - 1шт Утюг парогенератор – 1шт. Компьютер – 1шт. |
| 11 | Оқу өндірістік шеберханасы | Корпус №9 | Токарно-винторезный станок 1К62 – 1шт Вертикально- сверлильный станок 2Н135 – 1шт Горизонтально-фрезерный станок 6Н81 – 1шт Гидропресс – 1шт |
| 12 | PhD докторантары мен магистранттар | 202 | Компьютер – 3шт, Лазерный принтер – 2шт |

Оқу шеберханалары мен зертханалардағы технологиялық машиналар еңбекті қорғау, санитарлық гигиеналық және өрт-қауіпсіздік ережелеріне сәйкестендіріп орналастырылған.

Лабораториялар мен шеберханалар базасындағы дидактикалық материалдар жүйелі негізде жаңартылып отырылады.

Университетте кітапхана қоры қалыптасқан және ол білім беру процесін, ғылыми зерттеулерді, мәдени дамуды және өз бетімен білім алу процесін қамтамасыз ету үшін ақпараттық ресурстардың көп көлемде жедел қол жеткізуге ұсынады. Сирек және құнды кітаптар жинағы, анықтамалық басылымдар қоры бар олар: энциклопедиялар, сөздіктер, білімнің түрлі салалары бойынша анықтамалар. Дәстүрлі оқу басылымдары электронды материалдарды толықтырады ол: оқу құралдары, оқытушылардың дәрістері, баяндамалар, студенттік жұмыстар, рефераттар, дипломдық жұмыстар. Соңғы жылдардағы үрдіс-университет тақырыбы бойынша қолжетімді білім беру және ғылыми электрондық ресурстар санының артуы.

Кітапхана қоры пайдаланушылар үшін қолжетімді, электрондық каталог көрсетілген <http://lib.ukgu.kz> on-line сайтты аптасына 7 күн 24 сағат пайдаланады.

Пайдаланушылар үшін заманауи анықтамалық – библиографиялық аппарат ұсынылады: электронды каталог (ЭК), мақалалардың электронды картотекасы, диссертациялар авторефераттарының электронды картотекасы ұсынылған.

Университеттің ақпараттық инфрақұрылымының негізін ауқымды компьютерлік парк және телекоммуникациялық құралдар кешені құрайды.

Университеттің телекоммуникациялық торабы 20 серверден және коммуникациялық құрал-жабдықтардан тұрады, олар оқу корпустарының барлық кіші жүйелерін GigabitEthernet (1Гб/сек) дейін арналардың өткізу жылдамдығымен жоғары жылдамдықты оптоалшықты желі арқылы бірыңғай корпоративтік желіге байланыстырады.

Университеттің корпоративтік ақпараттық-білім беру желісі университеттің оқу корпустары мен студенттік жатақханаларында 87 компьютерлік сыныптарды корпоративтік желіге біріктіреді.

Бөлімшелердің өтінімдері бойынша үнемі онлайн-семинарлар, халықаралық бейнеконференциялар, бағдарламалық-аппараттық кешендер негізінде магистрлік, докторлық тақырыптарды қорғау жүргізіледі.

Университетінің ақпараттық ИСВУЗ жүйесі (asu.ukgu.kz) ақпаратқа қол жеткізу, сақтау, өңдеу, жинақтау және жаңарту құралдары мен технологияларымен қамтамасыз етілген ақпараттық ресурстар болып табылады. ИСВУЗ жүйесі оқу процесінің әкімшілігі үшін виртуалды жұмыс орындарынан, корпоративтік желі арқылы бірыңғай кеңістікке біріктірілген мекеменің орталықтандырылған деректер базасынан тұрады.

Бақылау жүйесінің арқасында ақпараттың жүйе деректер базасындағы өтініштердің шынайылығы мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж. № 292 қаулысының 88-тармақ талаптарына сәйкес, білім алушылар үшін оқу залдарында, жалпы сыйымдылығы 200 орындық 3 электрондық ресурстық орталықтарда (ЭРЦ) Электронды кітапхана жүйесінің және университеттің электрондық кітапханасының білім беру ресурстарына Интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілген. Әрбір ЭРЦ электрондық білім беру және ғылыми контентке қол жеткізуді ұйымдастыруға, сондай-ақ заманауи интерактивті технологияларды (дыбыстық жүйелер, бейнеконференцбайланыс жүйелері) пайдалана отырып, онлайн (вебинарлар) режимінде оқу және ғылыми семинарлар, іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жабдықтармен жабдықталған.

«SpringerLink», «Scopus», "Полпред», «ThomsonReuters ISI WebofKnowledge», «ScienceDirect», «EBSCO» деректер базаларына, қазақстандық «ҚазПАТЕНТ», «Эпиграф», «Заң», «РМЭБ» деректер базаларымен on-line байланыс жасауға мүмкіндік жасалды.

7. АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Жоғары мектеп кафедраларының білім беру бағдарламасы туралы ақпарат жұртшылыққа ЖОО сайтында қолжетімді (www.ukgu.kz) және үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілде орналастырылған. Талапкерлердің оқыту мақсаттары мен нәтижелері туралы хабардар болуы қабылдау комиссиясынан басталады, онда даярлық бағыты туралы, түлек қандай білімге, шеберлікке, дағдыға ие болатыны және олардың кәсіби қызметінде қандай кәсіби құзыреттер негіз болатыны туралы егжей-тегжейлі баяндалады. Бағдарламалардың нақты тұжырымдалған және студенттерге/тыңдаушыларға жеткізілген оқу мақсаттары, міндеттері мен нәтижелері бар.

Оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын барлық ресурстар жеткілікті және талаптарға сай келеді. Барлық ОӘК және ОӘК білім беру бағдарламалары, жоспарлардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ПОҚ құрамы, материалдық-техникалық базаның жағдайы, кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліктілігі және жаңартылуы жұмыс істейді.

Білім беру бағдарламаларының саны, олардың мазмұны және бітіргеннен кейін алынатын негізгі құзыреттердің сипаттамасы туралы толық ақпаратты университет сайтынан алуға болады.

Ресурс www.portal.ukgu.kz -студенттердің рейтингі-авторизация-ЮКУ ресми порталы. Бүгінгі таңда оқу орындарының сайттарын құру өте танымал, өйткені бұл әкімшілікке барлық студенттерді, сондай-ақ оқуға түсетіндерді үнемі жаңалықтардан хабардар етуге көмектеседі. Дәл www.portal.ukgu.kz ол университеттің жұмысы туралы барлық ақпаратты бере алады, сонымен қатар талапкерлерге оқуға түсу үшін білуіңіз керек нәрсенің бәрін айта алады.

Порталда www.portal.ukgu.kz факультеттердің әрқайсысы туралы, сондай-ақ мұнда оқуға түсу үшін не білу керек екендігі туралы толық ақпарат бар. Сондай-ақ, мұнда сіз университеттің өзі туралы әртүрлі құжаттарды таба аласыз.

Ақпараттық қамтамасыз ету бағдарлама талаптарына сәйкес келеді; кітапханада оқуға қажетті барлық материалдар: Оқу, техникалық, анықтамалық және жалпы әдебиеттер, түрлі мерзімді басылымдар бар. Жедел қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Университетте бар:

1. Университеттің ресми сайты <http://www.ukgu.kz>);
2. Білім беру порталы <http://www.portal.ukgu.kz>);
3. Электрондық кітапхана (<http://e-lib.ukgu.kz/>);
4. Ғылыми конференция (<http://conference.ukgu.kz>);
5. Электрондық материалдар (<http://portal.ukgu.kz>);
6. Талапкер сайты;
7. Тарихи мұражайдың сайты;

Сондай-ақ, университетте ай сайын "Университет"газеті шығады.

Негізгі мақсаты университеттің бірыңғай ақпараттық алаңын құру және студенттерді университет қызметі, ОҚМУ-дегі іс-шаралар мен оқиғалар, білім алушылар өмірінің өзекті мәселелері туралы шынайы, жедел және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

8. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

М. Әуезов атындағы ОҚУ-дің сайты [www.http://ukgu.kz.](http://www.ukgu.kz), университеттің білім беру қызметтерінің нарығын кеңейту, білім алушыларды, қызметкерлерді, талапкерлерді, іскер серіктестерді және басқа да мүдделі пайдаланушыларды университет қызметінің түрлі аспектілерімен жедел таныстыру мақсатында Интернет желісінде университет туралы ақпаратты ресми ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сайттың негізгі ақпараттық-ресурстық компоненттері: университет туралы ақпарат, білім беру бағдарламалары, оқу түрлері, оқуға түсу тәртібі туралы анықтамалық материалдар, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша материалдар, университеттің ғылыми қызметі және халықаралық байланыстары туралы материалдар, университеттің ағымдағы өмірі туралы материалдар, университетте өткізілетін іс-шаралар, жаңалықтар мұрағаты және т. б. болып табылады.

«Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебі сайтының ақпараттық ресурсы ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады. ЖМ білім беру бағдарламалары туралы ақпарат www.ukgu.kz (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде орналастырылған.

Талапкерлердің оқытудың мақсаттары мен нәтижелері туралы хабардар болуы қабылдау комиссиясынан басталады, онда дайындық бағыттары туралы, бітіруші қандай білім, білік, дағдыларға ие болады және олардың кәсіби қызметінде қандай кәсіби құзыреттіліктерге ие болатындығы айтылады.

Бағдарламаның нақты тұжырымдалған, студенттерге/тыңдаушыларға/ жеткізілетін мақсаттары, міндеттері бар.

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың білім беру бағдарламасы бойынша ақпарат жинау және мониторинг жүйесі бар.

Оқыту процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын барлық ресурстар жеткілікті және талаптарға сәйкес келеді. ПОӘК барлық білім беру бағдарламалары, жоспарларды модульдік құрылымдау, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ПОҚ құрамы, материалдық-техникалық базаның жағдайы, кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліктілігі мен жаңартылуы бойынша жұмыс істейді.

Білім беру бағдарламаларының саны, олардың мазмұны және соңында алынатын негізгі құзыреттіліктердің сипаттамасы туралы толық ақпарат университет сайтында қолжетімді. Университеттің РИОсы арқылы университеттің қызметі, студенттер мен ПОҚ жетістіктері туралы анықтамалық-ақпараттық буклеттер шығарылады. «Мансап және маркетинг бөлімі» жұмыс берушілермен байланыс және түлектермен байланыс бойынша іс-шаралар кешені үшін жауапты.

Білім беру бағдарламалары туралы хабарландырулар мен ақпараттар университет сайтында қолжетімді. www.ukgu.kz университет порталы мен бөлімдерінен ОҚУ білім беру бағдарламалары туралы кез келген қызықты ақпаратты табуға болады.

Қоғамды ақпараттандыру мақсатында ЖОО-ның барлық іс-шаралары жалпы университетке, сондай-ақ жеке факультеттерге, кафедраларға парақтар, баннерлер, бейдждер, күнтізбелер, блокноттар және грамоталармен арқылы таратылады.

Жыл сайын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары туралы толық және объективті ақпарат талапкерлерге арналған «Талапкер» анықтамалығында жарияланады. Кәсіби бағдар беру кезеңінде БАҚ арқылы ақпарат таратылады (радио, теледидар, әлеуметтік желілер)

Университет бұқаралық ақпарат құралдарын, Интернет желісін, ЖОО-ның ресми сайты мен және өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, мемлекеттік билік органдарын, заңды және жеке тұлғаларды: ОҚУ-дың қоғамдық рөлі; іске асырылатын білім беру бағдарламалары; түлектер мен студенттердің жетістіктері; инновациялық жетістіктері; қоғамдық ұйымдардың қызметі; халықаралық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ шетелдік және шетелдік бағдарламаларды орындауға қатысуы туралы, халықаралық ғылыми қоғамдар мен қауымдастықтарда; ОҚУ қызметінің нәтижелері, жетістіктері мен даму жоспарлары хабардар етіледі.

Порталда www.portal.ukgu.kz әр факультет туралы толық ақпарат орналастырылған.

Түлектермен байланыс әр түрлі жолдармен қамтамасыз етіледі: түлектер қауымдастығы, кездесулер, телефон байланысы, электрондық пошта, әлеуметтік желінің қуатты мүмкіндіктерін пайдалану "[vkontakte.ru](https://vk.com/vkontakte.ru)"

Жұртшылықты және барлық мүдделі тараптарды ЖОО қызметі туралы хабардар етуді түбегейлі жақсарту және оған ПОҚ-тың, құрылымдық бөлімшелердің барлық басшыларының портфолиосын, білім беру бағдарламалары, нормативтік құжаттар, түлектер туралы толық ақпаратты, мемлекеттік органдардың сайттарын, ақпараттық порталдарды және т. б. қоса алғанда, басқа Web-ресурстарға сілтемелерді орналастыра отырып, ЖОО сайтының контентін толтыру арқылы күшейту қажет.

«Математика» кафедрасының 6B05410 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылды. Кафедрада кәсіби-бағдар жұмыстарымен ОПҚ шұғылданды.

Кәсіби-бағдар жұмысы Түркістан облысы Қазығұрт ауданы С.Рахимов ауылы «Көкібел» жалпы орта мектебінің бітірушілері және Түркістан облысы Арыс қаласы М.Әуезов атындағы мектеп-гимназияның бітірушілері арасында жүргізілді. Жарнамалық проспектілер мен үгіт-насихат материалдары уақтылы дайындалып тапсырылды. Мектептің бітіруші түлектерінің мәліметі жинақталып, кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

2021 жылы 23 қарашада М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде мектеп бітіруші түлектерге арналған дәстүрлі «Ашық есік күні» шарасы болып өтті. Оған қаламыздың 10 мектебінен 120 мектеп бітіруші түлектер қатысты.

Нақты білім беру бағдарламасы туралы ақпаратты сайттан алуға болады www.ukgu.kz, "Биология және география" кафедрасы. Кафедра сайтында ББ ерекшеліктерін, мақсаттарын, берілетін біліктіліктерін, қалыптастырылатын құзыреттерін көрсететін бакалавриаттың, магистратураның модульдік білім беру бағдарламалары ұсынылған. Сондай-ақ ПОҚ-ның кадрлық құрамы туралы ақпаратпен уақтылы толықтырылады, оқытушылардың түйіндемелері, жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен білім алушылардың жетістіктері туралы ақпарат өзектендіріледі.

(2021 жылғы 30 қыркүйектегі Ғылыми Кеңес шешімімен бекітілген ,хаттама №3) орындау мақсатында «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» Ж/М «Биология және география» кафедрасы профессор оқытушылар құрамының штаттық кестесіне сәйкес 2022-2023 оқу жылына талапкерлерді қабылдау жоспары дайындалып әр оқытушыға 5 талапкерлерден жүктелді.

Университеттің жоспары мен шығарылған бұйрығына сәйкес, 2021-2022 оқу жылы аралығында Түркістан облысы мен қаланың жалпы орта білім беретін мектептерінің түлектері арасында кәсіби-бағдар беру жұмыстары «Zoom» платформасында «онлайн» және «оффлайн» режимде мектеп бітіруші түлектерді оқуға тарту мақсатында үгіт-насихат жүргізілді.

Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу барысында тек бітіруші түлектермен емес олардың ата-аналарымен де мамандық таңдауда пікір алмасулар болды. Бітірушілермен онлайн режимде болғандықтан ата-аналар үшін «Zoom» платформасына шығу оңтайлы болды.

Кәсіби бағдар беру барысында- мектеп бітіруші түлектерді университетіміздің жоғары мектептері мен кафедраларының жалпы құрылымы мен базасы, инновациялық оқыту ерекшеліктерімен және т.б. бойынша мәліметтерді қамтитын материалдармен таныстырылды. Университетімізбен факультетте ашық есік іс-шаралары ұйымдастырылып видео-презентациямен толыққанды ақпараттар берілді. Әрине санитарлық талаптарды қаттаң сақтау қарастырылды. Жоғары мектеп және факультеттер бойынша 2022 жылғы талапкерлерлерге арналған «Ашық есік күні» іс-шарасын 22.11.2021ж.-08.12.2021ж. аралығында өткізу графигіне сәйкес Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық жоғары мектебі «Биология және география» кафедрасы 02.12.2021ж «Ашық есік күнін» өткізді. «Ашық есік күнін» өткізу алдын ала дайындалған мына жоспар бойынша жүргізілді.

| № | Уақыты | Іс-шаралар |
|---|-------------|--|
| 1 | 9.30-10.00 | Шақырылған қонақтарды, кооледж және мектеп оқушыларын тіркеу. (№24 С.Ерубасев ат. ІТ лицей, №7 Қ.Сыпатаев ат. ІТ мектеплицейі, Д.Қонаев ат. мектеп гимназия, №1 А.С.Пушкин ат. мектеп-гимназиясы, №62 Н.Төреқұлов ат. ЖОМ, №77 А.Асқаров ат. мектеп лицейі, №33 Қ.Қасымұлы ат. ЖОМ, 50 А.Байтұрсынов ат. гимназия мектеп), №72 ЖОМ |
| 2 | 10.00-10.20 | Жарнамалық бейне роликтер көрсету. 6B05110-Биология. 6B05220-География мамандықтары бойынша, Университеттің бейне ролигі. Буклеттер тарату. |
| 3 | 10.20-10.30 | ЖМ/Факультет бойынша қысқаша ақпарат беру (Б/Б ерекшеліктері мен жетістіктері бойынша). (Ж/М деканы Н.К. Мадияров, каф. меңгерушісі Е.Б.Исаев) |
| 4 | 10.30-11.50 | Білім бағдарламаларының бағытына сәйкес көрнекті тәжірибелер, көріністер, мастер класстар көрсету. (ЕП-18-18к топ студенті өндірістік практика барысы) |

| | | |
|---|-------------|--|
| 5 | 11.50-12.00 | Б/Б бойынша студенттер, магистранттар, доктаранттар,кафедраны бітірген ата-аналардың,жұмыс беруші өкілдері және мектеп ооқушыларының сөз сөйлеу және қолдлау білдіруі.(Биология және географиямамандығы бойынша 2- студент және магистранттар 2-курс) |
| 6 | 12.00-12.30 | Факультеттегі кафедралардың арнайы кабинеттерін және зертханаларын көрсету.(экскурсия) Каф.меңгерушілері және жауаптылар. |
| 7 | 12.30-13.00 | Кафедрадағы ПОҚ дың мектеп оқушыларымен жеке сұхбаттасып ғылыми-зерттеу жұмыстарына және ғылымиүйірмелерге тарту бойынша жұмыстар жүргізуі,оқушыларды https://priem.auezov.kz/ талапкерлер базасы порталына тіркеу. |

| № | Білім беру ұйымының толық атауы | Талапкерлер саны |
|---|------------------------------------|------------------|
| 1 | №33Қ.Қасымұлы ат. ЖОМ | 17 |
| 2 | №62 Н.Төрешұлов ат.ЖОМ | 24 |
| 3 | №77 А.Асқаров ат.мектеп лицейі, | 14 |
| 4 | Д. Қонаев ат.мектеп лицейі | 9 |
| 5 | №1 А.С.Пушкин ат.мектеп-гимназиясы | 5 |
| 6 | № 72 ЖОМ | 20 |
| 7 | №7 Қ.Сыпатаев ат.ІТмектеплицейі | 16 |
| | Барлығы | 105 |

«Ашық есік күнін» өткізу алдын ала дайындалған жоспар бойынша толық жүзеге асырылды. Университетіміз бен мектептерде ашық есік іс-шараларын ұйымдастырылатыны жөнінде толыққанды ақпараттар берілді.

Шақырылатын қонақтар мен талапкерлердің мектеп басшыларына арнайы шақыру қағаздары алдын ала жіберілді. Талапкерлерге мамандықтар бойынша кафедра тарапынан дайындалған буклеттер мен университет тарапынан арнайы жасалынған буклеттер мен журналдар таратылды. Акт залының алдында мамандықтар туралы мәліметтер, шығарылған әдістемелік құралдар мен әдебиеттер және өндірістік практикаларға байланысты көрнекіліктер ілінді. Шақырылған қонақтар мен мектеп оқушылары тіркеу ден өтті. Тіркеу парағы кафедраға өткізілді. Шақырылған мектептер бойынша барлығы 105 талапкер қатысты. Келу парағының түп нұсқасы берілген есепке қоса тігілді.



1 сурет Ашық есік күні

Қаланың жалпы білім беретін орта мектептерінің ішінде біздің «Биология және география» кафедрасына бекітілген № 129, №130, №13, №14, №48, №49, №59, №60, № 97, №26, №50, №1, №98-ші жалпы орта білім беретін мектептер бойынша кәсіби білім беру жұмыстары жүргізіліп келді.



2 Сурет Тәжірибе жұмыстарының жүргізілу сәті

Сонымен бірге мектептердің «Соңғы қоңырау» іс-шарасына қатысып бітіруші түлектерге «Оффлайн» режимде Шымкент қаласының ОҚО ББ, №53 С.Рахимов атындағы ЖОМ мектептерінің түлектеріне толығымен бағыт бағдар берілді. Университет және кафедра буклеттері таратылды.



3 Сурет Талапкерлерге буклет тарату сәтінен

Университеттегі мамандықтар жайында ақпараттар бере отырып, олардың бір қатар сұрақтарына жауап берілді. Сонымен қатар төмен балл жинаған оқушыларға университет жанындағы колледжіміз жөнінде де бірқатар ақпараттарды беріп өтіп, оларға буклеттер тарқатылды.

Жалпы бітірушілерге кәсіби бағдар беру жұмыстардың нәтижелі болуы үшін Шымкент радиосы мен Шымкент ТВ-нінен бітіруші түлектерге мамандықтар мен университетіміз жөнінде толығымен ақпараттар берілді.

Сонымен бірге алдағы уақытта теледидармен радио ақпараттық жүйелерге барлық бітіруші түлектерге кәсіби бағдар жөнінде айтылды.



4 Сурет № 53 С.Рахымов атындағы Ж.О.М мектеп бітірушілермен кездесу

Жүргізілген профориентациялық жұмыстардың барлығы университет пен кафедраның жаспарына сәйкес толығымен атқарылды. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру барысында оқушылар мен бірге мұғалімдері мен ата-аналарыда қатысып отырды және біздерге сұрақтар қойылды. Мұндағы Ұлттық бірінғай тестілеу, мамандық таңдау, өткен оқу жылдарындағы түрлі мамандықтар бойынша өту балдары бойынша сауалдарына жауаптар берілді.

Алынған мәліметтерде мектеп бітіруші талапкерлердің таңдау пәндері, болжамды таңдалатын оқу орындары, олардың жеке сәйкестендіру нөмірлері, байланыс телефондары, әлеуметтік желілердегі түрлі парақшалары мен электронды пошталары секілді ақпараттар берілді.

2021 жылы желтоқсан айының 14 жұлдызы күні кафедра ұжымы, біздің мамандыққа бөлінген Шымкент қаласының №134 және №135 жалпы орта мектептердің бітіруші түлектерімен кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу «іс-шарасын ұйымдастырды. Іс-шара онлайн режимде өтті, онлайн конференцияға қатысқандардың жалпы саны 44 адамды құрады.

2022 жылы қантар айының 22 жұлдызында кафедра қызметкерлері Шымкент қаласының №17 және №18 орта мектептерінде кәсіптік бағдар жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға екі мектептен 38 оқушы қатысты.

2021 жылының 22 желтоқсанында Жоғары мектеп құрамында Кәсіптік оқыту кафедрасының профессор-оқытушы құрамы Түлкібас ауданының 11 мектебімен онлайн режимінде кәсіптік бағдар жұмыстарын өткізді. Онлайн конференциясына 62 оқушы қатысты.

2022 жылының 20 қантарында кафедра қызметкерлері, Университет басшылығының бөлу бойынша Бәйдібек ауданының мектептерімен онлайн режимде бітіруші түлектермен кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді. Конференцияға Бәйдібек ауданынан 52 оқушы қатысты.

Конференциялар барысында, біздің университетте оқытылатын мамандықтар, университет профессор-оқытушы құрамының потенциалы, мамандықтардың материалдық-техникалық базасы және басқада мәлімдемелер айтылды.

«Кәсіптік оқыту» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор С.А.Жолдасбекова біздің мандадық білім беру бағдарламаларымен: 6В01451-Көркем еңбек және сызу, 6В01450-Кәсіптік оқыту бакалаврлар, 7М01453-Көркем еңбек, графика және жобалау, 7М01453-Көркем еңбек және кәсіпкерлік негіздері бойынша магистратура, 8Д012000-Кәсіптік оқыту бойынша PhD докторантура және университетте оқытылатын мамандықтары туралы слайд түрінде толық мәлімдеме берді. Онлайн конференциясына кафедраны профессор-оқытушы құрамы, профессоры Ю.Н.Камалов, доцент Г.А. Бакирова., А.Ш.Изтилеуова., С.Ш.Байзакова., М.Ю.Камалов және т.б. қатысты.

Мамыр айының 18 жұлдызында кафедраның доценті Г.А.Бакирова және аға оқытушысы М.Ю.Камалов Шымкент қаласының №44 және №45 орта мектептерінде бітіруші түлектерімен кәсіптік бағдар жұмыстарын орындады.

Мамыр айының 18 жұлдызында кафедраның барлық профессор-оқытушы құрамы Шымкент қаласында орналасқан мектептерде «Соңғы қоңырау» іс-шарасына қатысты. Тиісті құжаттар Жоғары мектеп әкімшілігіне өткізілді.

Конференция соңында бітіруші түлектер көкейінде жүрген сұрақтар қойды. Барлық сұрақтарға толығымен жауаптар берілді. Осы конференциядан кейін бітіруші түлектердің ой-өрісі біздің университетке қарағаны байқалып тұрды. Дәлелдеме материалдары төменде көрсетілген. Шымкент қаласындағы колледждерде студенттермен онлайн кездесіп үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде, кешенді тест туралы көптеген сұрақтар қойылды. Студенттер жартысы М.Әуезов атындағы ОҚУ-ды таңдап жатыр.

Колледждердің бітіруші түлектерімен онлайн кездесу жүргізілді. Колледждің бітіруші түлектеріне М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың оқу бағдарламалары туралы айтылып, оқушылар ішіннен керекті сұрақтарын қойды. Оқушылар өздеріне керекті мәліметтерін алды. Колледждің бітіруші оқушылар кешенді тест туралы көптеген сұрақтар қойылды. Жалпы колледждермен кездесу өткіз мақсатымыз студенттерде үгіт насихат жүргізіп М.Әуезов атындағы ОҚУ-ға түсуге насихаттау.

Осы аталған бітіруші түлектердің ішінде 38%-дан астам оқушы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін таңдауда. Оқушылар өздеріне керекті мәліметтерін сұрақ-жауап арқылы алды. Бітірушілердің ата-аналарына мамандықтар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстар

1-ші мақсат «Білімнің салтанат құруы» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру пункті бойынша математика кафедрасындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру ісіне жауаптыларды бекіту туралы №1 «27» шілде 2021 ж. «Математика» кафедрасының мәжілісінде талқыланып бекітілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы, орындалу ерекшеліктері және есептік құжаттары туралы кафедрадағы ПОҚ онлайн семинар өткізілді.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ «Халық бірлігі жүйелері реформалар – ел өкендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын әр топта талдау жасап тәлімгерлік сағаттар өткізілді.

<https://turkystan.kz/article/154377-halyk-birligi-zhene-zhuyeli-reformalar-el-orkendeuinin-berik-negizi/>

Академиялық топтарда Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мазмұнын меңгеру және қоғамдық өмірде жетекшілікке алуға бағыттайтын Иманбетова А. топ тәлімгері ЕП-18-1тк тобында тәлімгерлік сағат өткізді.

Осы бағыт бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кафедрада атқарылған жұмыстарды және қоғамдық сананы жаңғырту Жобалық кеңсесінің оң имиджін кеңінен насихаттау мақсатында әр кураторлар өз топтарында өтілген тәрбие сағаттарын видеоға түсіре отырып, әлеуметтік желіге #ruhany_zhangyru.aueзовoku хештегімен салып отырды.

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында университетте атқарылған жұмыстарды және университет қоғамдық сананы жаңғырту Жобалық кеңсесінің оң имиджін кеңінен насихаттау мақсатында тәлімгер Алимбекова Жазира UKGU.kz, ruh.kz, onruh.kz сайттарында, әлеуметтік желілерде, республикалық, облыстық БАҚ беттерінде мақалалар жариялау және телеарналарда талдаулық бағдарламалар жүргізіп, сұхбаттар беріп отырды.

«Білім күнінде» академиялық топтардағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы» атты ЕП-18-11к тобына топ тәлімгері Байдибекова Айдын Өрісбайқызы алғашқы лекциясын өткізді. Лекцияларында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді

сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің иесі өзің екенінді ұмытпа!» -деп жанға жаңа леп беріп, алға ұмтылуға сенімділік пен қайраттылықты арттыратын керемет қанатты сөз сөйледі. Еліміздің болашағы-жастар. Осы жастардың терең әрі сапалы білім алуы еліміз үшін өте маңызды. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»-деген секілді сөздермен қортындылады.

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2-ші мақсат «Сананың ашықтығы» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру бойынша білім беру жүйесіне бизнес пен өндіріс өкілдерін, шетелдік оқытушыларды, өңіраралық деңгейде мамандарды тарту, тәжірибе алмасу үдерісіне, халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейде нәтижелі жобаларға, гранттарға, оқу, ғылыми және тәрбие саласындағы конференцияларды, вебинарлар, семинарларды, және т.б. іс-шараларды ұйымдастыру Ерданқұловтың басшылығымен ОПК, студенттер, магистранттар және докторанттар қатысты.

<https://www.instagram.com/p/Ce3QnBrMP3ITkHsgrmZH8n0pemA8jQpOCRmDWE0/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Цифрлық технологиялық платформаларды оқу, тәрбие беру және ғылым салаларында пайдалануды дамыту және осы бағыттағы жетістіктерді презентациялау (Power, Point, видеоматериал). **Цифрлық** Microsoft Times платформасында Алимбекова Ж. ЕП-19-1к тобында «Математика» пәнінен өткізілетін лекцияның жүргізілуіндегі жетістіктерді презентациялады (Power Point, видео материал) UKGU.kz, ruh.kz, onruh.kz сайттарында

«Математика» кафедрасындағы білім алушы өзге этнос өкілдерінің арасында «қазақ өлеңдері» атты іс-шараларды Мырзабеков Т. ұйымдастырды (конкурстар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, челленджер)

: <https://www.youtube.com/watch?v=3RH1RbSfYVc>

3-ші мақсат «Прагматизм – нақты мақсаттарға, білім беруге, салауатты өмір салты мен кәсіби жетістікке назар аудара отырып, мінез-құлықтың оңтайлы моделін қалыптастыру» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру пункті бойынша «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті мемлекет» құру; тұжырымдамаларын, «Сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс-қимылдар» іс-шараларын Мәденова А. өткізді

https://www.instagram.com/p/Ce0WyyZDMs_/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

4-ші мақсат «Бәсекелік қабілет» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру «Толық адам: ХХІ ғасыр» атты білім алушыларға арналған курсты дайындау

отандық және шетел тәжірибесіндегі негізінде бизнес пен өндіріс өкілдері арқылы, білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті жоғары интеллекті, мамандығын жан-жақты игерген білім алушыны оқыту және даярлау; экономика және әлеуметтік жағдайы түзу халықта, тұлғаның – «құнды адами капиталы» ретінде даму барысында іс-шараларды Кафедра Ғылыми жұмысы және инновациялар жөніндегі жауапты Сұлтанбек Т. ұйымдастырып өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Ce3QnBrMP3ITkHsgrmZH8n0pemA8jQpOCRmDWE0/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

5-ші мақсаты «Ұлттық бірегейлікті сақтау» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру пункті бойынша «Ұлттық бірегейлікті сақтау деген не?»; «Ұлттық құндылықтарымыз – мәңгілік ардақ тұтар асыл қазынамыз»; «Ұлы дала»; «Құндылықтырамыз құлдырамасын»; Ұлы қасиеттерімізді бойымызда, ойымызда, жерімізде сақтау» атты студенттік фестивальдер, кездесулер, диалог алаңшалары, TED-TALKS, реконструкциялық клубтар қызметі және басқа да іс-шараларды ЕП-19-11к1 тобының тәлімгері Мәденова А. ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/Ce0XpipDePA/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Осы пункт бойынша «ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАСАУШЫ УНИВЕРСИТЕТ» АТТЫ АТАҚТЫ УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІМЕН КЕЗДЕСУЛЕР СЕРИЯСЫНА байанысты іс-шараларды тәлімгер Тұрсынбаева Э ұйымдастырып өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Bv7COTzn42s/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Тіл татулық тірегі» тақырыбында этномәдени бірлестіктермен ҚР халқының тілдері мерекесіне байланысты ЕП-21-11к1 тобының тәлімгері Дүйсебаева Ф іс-шара өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Ce25VUMsNWC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Тәуелсіздігімізге 30 жыл» қазақстан республикасының 30 жылдық мерей тойына тәрбие сағатын өткізу.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық, - дей отырып, тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс, яғни біздерге, жастарға аманат екенін түсіндіре кетті. Желтоқсан қаһармандары: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанов, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Спатаев секілді қазақ жастарының бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған ерліктері қазақ тарихындағы елеулі оқиға болып табылғандығы айтылып өтілді. Тәрбие сағат көрнекілік ретінде презентация жасаланып Абжаппаров А.. топ тәлімгері ЕП-19-1к тобына тәрбие сағатын өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CeyYFkXte6WbeOie0JzUufkz9jJJDwpXlFgGmI0/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

6-ші мақсат «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы – ілгері эволюциялық даму мақсатында қоғам мен диалогты кеңейту» басымдығын университет деңгейінде жүзеге асыру пункті бойынша 18 қазан Рухани келісім күніне байланысты «Тәуелсіздік Қазақстанның таңдауы - Татулық пен келісім!» тақырыбында Сабырханова П. Топ тәлімгері ЕП-20-1к1 топтарына тәрбие сағатын өткізіп, әлеуметтік желіге өз бейнероликтерін жариялады, көптеген адамдардың көңілінен шықты.

Арнайы жобалар 17 сала бойынша университет деңгейінде жүзеге асыру нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу іс-шаралары

1.«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

Мақсаты: Гуманитарлық білімнің студенттеріне әлемдік стандарттарға сәйкес мемлекеттік тілде жағдай жасау.

Ерданқұлов А. «Математиканы оқытудың өзекті мәселелері» пәні бойынша лекция сабағында мемлекеттік тілге аударылған математикалық терминдермен таныстырды. Силлабус бойынша бұл «Мектеп білім дамуының қазіргі заманғы кезеңіндегі мемлекеттік тілге аударылған математикалық терминдермен таныстыру» атты 2-ші лекция болып өтілді. Бұл лекцияға арнайы презентация дайындалып, 30-дан астам терминдер айтылды.

2. «ТУҒАН ЖЕР»АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

Мақсаты: Қазақстандықтарға шынайы патриотизм сезімін ояту Университеттің Рухани жаңғыру жобалық кеңсесі ұйымдастырған туристік Шымкент атты квестіне Тұрсынқұлова Э. ЕП-18-1к тобының студенттерімен қатысты

«ЖАҒАҢДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

«100 ЖАҢА ЕСІМ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

Мақсаты: Қазіргі Қазақстанды бейнелейтін табысты адамдар туралы, оның жетістіктері мен қызметтің түрлі салаларындағы жетістіктерін көрсету.

Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы Жоғары мектеп Академиялық Кеңесінің мәжілісінде «М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің 100 жаңа есімі» арнайы жоба байқауына «Математика» кафедрасынан көптеген жетістіктерге жеткен Мырзабеков Т қатысты.

[https://massaget.kz/mangilik_el/ruhani_jangyiru/66109/-](https://massaget.kz/mangilik_el/ruhani_jangyiru/66109/)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ»

АРНАЙЫ ЖОБАСЫ «Ұлы тұлғалар жасаушы университет» атты атақты университет түлектері атты тәрбие сағатын Турсынқұлова Э. ЕП-18-1к тобының студенттерімен өткізді.

https://www.instagram.com/p/Ce2gI6Wj_i3/

«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» АРНАЙЫ ЖОБА

Мақсаты: қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды, ұдайы өзін-өзі жетілдіру идеясын жаю арқылы еңбекке сүйіспеншілікті насихаттау мақсатында Дүйсебаева Ф. өткізді.

https://www.instagram.com/p/Ce2_i_esOp2/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

АҚПАРАТ ТОЛҚЫНЫ» КІШІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингі жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылымын құру.

Мақсаты:

Жаңа сана және ойлау моделін қазіргі әлемнің өзгермелі жағдайларына қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғамның бейімделген өрісінің кең массасына арнайы технологиялар құралдары арқылы тұрақты ықпал ету. Халықты медиа-ресурстар арқылы Бағдарламаның іске асыру барысы туралы ақпараттандыру және кері байланыс орнату.

<https://www.instagram.com/p/Ce3QnBrMP3ITkHsgrmZH8n0pemA8jQpOCRmDWE0/?igshid=YmMyMTA2M2Y>

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы тақырыбы бойынша жобаларды дайындау туралы; ППС және білім алушылар конкурстарына қатысу туралы мәліметтер.

Бакирова Г.А. «ҒЫЛЫМ 2021» атты III Халықаралық Ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауында «Болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің рухани мәдениетін сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы дамыту» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмыстары 2-орынға ие болды.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде дайындалған жобаларды ғылыми сүйемелдеу туралы, ғылыми мақалалар мен монографиялар жариялау туралы;

1. Жолдасбекова С.А. «Шығыс өркениетінің ұлы ойшылдары мұрасының жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі» атты мақала жарық көрді.

2. Бакирова Г.А. 2021 жылдың 26 желтоқсанында Халықаралық Білім және Ғылым Академиясында (Нұр-Сұлтан қаласы) «Рухани Жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында өтетін «МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференцияға «Қашықтықтан білім беруде студенттерді тігін ісіне баулу мүмкіндіктері» тақырыбындағы мақала ұсынылды

3. 2021 жылы 06 – 10 желтоқсан күндері аралығында «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ» атты апталығының «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІКТЕРІ» атты студенттік жастар форумының қатысушысы СЕРТИФИКАТТАЛАДЫ : студент Омар Ақмерей, жетекші Бакирова Гүлмира

4. 2021 жылы 06 – 10 желтоқсан күндері аралығында «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ» атты апталығының «Ұлы тұлғалар жасаушы университет» атты атақты университет түлектері туралы бейнефильмдер байқауының қатысушысы СЕРТИФИКАТТАЛДЫ Бакирова Гүлмира

5. 2021 жылы 06 – 10 желтоқсан күндері аралығында «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ» атты апталығының «Мегаполис Шымкент: Тәуелсіздік жемісі» туристік Квест қатысушысы СЕРТИФИКАТТАЛДЫ «Қызғалдақ» командасы, жетекшісі Хайрақбаева Ханзада

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 2021 жылға «Кәсіптік оқыту» кафедраның оқытушы-профессор құрамының жарияланымдары

Медиа-сетка

Жауапты Бакирова Г.А. 87016748187 Gulmira-74_74@mail.ru

| № | Мерзімі | | Материал тақырыбы | Материал форматы | БАҚ атауы (телеканал, газет, сайт) | спикер | Тиісті басымдық бағыт |
|---|----------|--------|----------------------------------|------------------|------------------------------------|--------------|-----------------------|
| | айы | аптасы | | | | | |
| 1 | қыркүйек | 3 | Стратегиялық бағыттар белгіленді | Мақала | Тәуелсіз Қазақстан №17(93) | Камалов Ю.Н. | |

Кафедраның 2019-2020 оқу жылының 2-ші және 2020-2021 оқу жылының 1 жартыжылдығындағы жарияланымдары туралы салыстырмалы

| № | Жарияланған мақала саны | | |
|---|--------------------------------------|--------------------------------------|---------------------|
| | 2020-2021 оқу жылының 2 жартыжылдығы | 2021-2022 оқу жылының 1 жартыжылдығы | Барлық жарияланғаны |
| 1 | 2 | 1 | 3 |

3. Рухани жаңғыру тақырыбы бойынша халықаралық, республикалық, өңірлік, облыстық және қалалық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, шеберлік сыныптарын және өзге де ғылыми талқылаулар мен кездесулерді ұйымдастыру туралы мәліметтер:

1 Жолдасбекова С.А «Ұлттық бірегейлікті сақтайық» тақырыбында дөңгелек стол өткізді. МЕРП 20-5нк тобында. 25.12.2021ж

2 Дейл Х.Шнкутың «Оқыту теориясы» білім беру көкжиегі атты оқулығының мазмұны мен құндылығы бойынша онлайн түрде дөңгелек стол ұйымдастырылды. 22.11.2021 сағ 14-00де Zoom бағдарламасында. МЕРП20-5нк магистранттарымен.

3 Жолдасбекова С.А. «Академиялық ұтқырлықты трансформациялау» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді.

4 Бакирова Г.А. «Оқушыларды тігін ісіне баулуда «Kahoot» бағдарламасын пайдалану мүмкіндіктері» тақырыбында 2 курс студенттеріне презентация жасалынды

4.Рухани жаңғыру және Мәңгілік Ел бағдарламаларының тақырыптары бойынша ғылым докторлары мен кандидаттарының 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың зерттеулері мен жобаларына ғылыми жетекшілік ету және кеңес беру туралы мәліметтер.

Магистратура

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Тақырыбы | Ғылыми жетекшісі |
|---|----------------------------|---|------------------|
| 1 | Қанаева Ұ М МЕРП 20-5нр | Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының рухани мәдениетін қалыптастырудың дидактикалық шарттары | Бакирова Г.А. |

5. Ұлтаралық толеранттылық және Қазақстан халықтарының достығын дамыту бойынша іс-шаралар өткізу.

1. Камалов М.Ю. «Тәуелсіздік Қазақстанның таңдауы - Татулық пен келісім!» тақырыбында тәлімгер сағаты өткізілді

6. Қазақстан тарихымен, Қазақстан әдебиетімен жеке танысу, БАҚ және ғылыми басылым беттеріндегі шығармалар мен еңбектерге рецензия беру, содай-ақ оқырман конференцияларын ұйымдастыру және өткізу, олардың жұмысына қатысу

7. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы мен Ұлы даланың жеті қыры мақаласының мазмұнын тереңдее игеру бойынша тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу

1. Жолдасбекова С.А. 06.10.2021 жылы «Әл-Фарабидің өмірі мен ғылымы» атты онлайн ашық тәрбие сағатын өткізді МЕР 20-5нк, ЕП 19-9к топтарында.

2. Камалов Ю.Н. Академиялық топтарда Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мазмұнын меңгеру және қоғамдық өмірде жетекшілікке алуға бағыттайтын мамандық студенттеріне ашық лекция өткізді.

3. Байзахова С.Ш. «Тіл татулық тірегі» тақырыбында ЕП 19-9к тобымен тәлімгерлік сағат өтті

4. «Қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігі мен құндылықтарын кеңінен дәріптеу» тақырыбында Изтилеуова А.Ш. тәрбие сағаты өткізілді

5. «Ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік ардақ тұтар асыл қазынамыз» тәлімгер сағаты Жолдасбекова С.А., Қайрақбаева Х.

6. Кафедра базасында қолөнер шеберлерімен кездесу ұйымдастырылды. Байзахова С.Ш.

9. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ

6B05410-«Математика», 7M05410-«Математика», 8D05410-«Математика білім беру бағдарламалары және 6B01510-«Математика», 7M01510-«Математика», 8D01510-«Математика білім беру бағдарламалары үшін: «Математика» кафедрасында жүзеге асырылатын 6B05410-Математика білім беру бағдарламасы 16.05.2022 ж. Білім беру бағдарламалары Реестрінде жаңартылды.

Кестеде БСКТҚА (білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік) өту туралы мәліметтер берілген: 5B011300-Биология, 5B060700-Биология, 6M060700-Биология, 5B01560-География, 6B05220 - " География

| № | Аккредиттеу органының атауы | Аккредиттеу органының орналасқан жері | Аккредиттеудің қолданылу кезеңі | ЖОО аккредиттеу туралы мәліметтер көрсетілген аккредиттеу органының сайтына сілтеме |
|---|---|---------------------------------------|---------------------------------|---|
| 1 | БСКТҚА (білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік) | Қазақстан | 01.04.19-29.03.24 | https://iqaa.kz/resheniya-po-akkreditatsii/vuzy/spetsializirovannaya-programmnaya-akkreditatsiya?start=2 |

"Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA)" мемлекеттік емес мекемесі білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау саласында жыл сайын конкурстық тексеру жүргізеді, оның нәтижесінде бакалавриаттың, магистратураның барлық білім беру бағдарламалары маңызды орындарға ие болады. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы білім беру бағдарламаларының рейтингін анықтау мақсатында жыл сайын мониторинг жүргізеді.

6B05310-Физика, 6B01520-Физика, 6B01521-Математика-Физика, 6B01522-Физика-Информатика БББ бойынша бакалаврлар және 7M05310-Физика, 7M01520-Физика БББ даму жоспарлары 2021-2022 жылдарға арналған М. Әуезов атындағы ОҚУ даму стратегиясына сәйкес құрастырылды және жетілдірілді.

6B05310 Физика БББ – Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттік (БСКА) өткізетін білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінде – Рейтинг (IQAA-Ranking), 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейін мамандықтың білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі арасында екінші немесе үшінші орынға ие болды.

6B01520 Физика БББ –Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттік (БСҚА) өткізетін білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінде – Рейтинг (IQAA-Ranking), біздің мамандықтың білім беру бағдарламасы 2014 жылдан бастап 2018 жылға дейін бірінші орында.

Университеттің білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу, мерзімді бағалау және қайта қарау олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге және студенттер үшін қолайлы оқу ортасын құруға бағытталған.

Университет білім беру бағдарламаларын мониторингілеу, талдау және қайта қарау тәртібі анықталған. Осы рәсімдер үшін негіз болып табылады:

- мамандық бойынша жаңа үлгілік оқу жоспарларын бекіту;
- жаңа кәсіби стандарттарды қолданысқа енгізу;
- жұмыс берушілердің нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсыныстары
- МАК төрағаларының ұсыныстары;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптардың өзгеруі.

Білім беру бағдарламаларын жетілдіру рәсімдерді қамтиды:

элективті пәндер каталогын жыл сайын талдау және кеңейту;

- білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған стейкхолдерлермен кері байланысты қолдау;

- білім беру бағдарламасын іске асыруға тартылған ПОҚ педагогикалық қызметін білім алушылардың мерзімді бағалауы – ;

- жыл сайын түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелерін жинау және талдау;

- ашық сабақтарды ұйымдастыру, ПОҚ-ның өзара қатысуы, университет Әкімшілігінің және сапаны қамтамасыз ету бойынша ЖОО ішіндегі комиссия мүшелерінің сабақтарға қатысуы.

Білім алушылардың академиялық нәтижелерін бағалау мыналарды қамтиды:

- аралық бақылаудан кейінгі үлгерім туралы ақпаратты жинау және талдау;

- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау;

- оқу үлгерімін Ғылыми кеңес отырыстарында қарау;

- МАК жұмысы аясында білім алушылардың дайындық сапасын талдау.

Оқыту нәтижелерін талдау кезінде бағалау критерийлерінің күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкестігі, бағалау материалы мазмұнының пәннің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, бағалау рәсімінің тиімділігі қаралады.

Білім беру бағдарламаларын мониторингтеу, бағалау және жетілдіру процесі кафедра меңгерушілерінің, декандардың, оқу-әдістемелік бөлімнің жауапкершілік саласы болып табылады және оны академиялық мәселелер жөніндегі проректор бақылайды.